КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылдың 13 желтоқсаны № 3514-24-00-2/6003 Қарағанды қаласы

Қарағанды облыстық ауданаралық мамандырылған экономикалық сотының судьясы Т.К.Елеуов азаматтық іс бойынша талап арыз оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Приозерск қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобильжолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Умит Жонназаровна Турабаева жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы АПК-нің 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арыз қанағаттандырылсын.

Умит Жонназаровна Турабаева жеке кәсіпкері (ИИН 860917400416) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Умит Жонназаровна Турабаева жеке кәсіпкерінен жергілікті бюджет есебіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья: **Елеуов Т.К.**

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 13.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Елеуов Т. К., 20.01.2025

3514-24-3-1/6852